

13. 01. 2020.

**«Данқың дәуірлей берсін, Абай дана!»**

**Биылғы жыл қазақ елі үшін ерекше маңызға ие жыл болғалы тұр. Өйткені, ұлы ойшыл, ақын, сазгер, философ Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толады. Жыл басында, президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласын көпшілік жақсы ықыласпен қабылдады. Бұл жерде, әлемдік деңгейде аталып өтілетін Абай тойының маңызы мен ерекшелігі жан-жақты айтылып, атқарылатын жұмыстар мен іс-шаралардың деңгейі мен абыройы басты назарда.**

Сондай шаралардың бірі, өнер бөлімшесінің ұйымдастыруымен дайындалған **«Данқың дәуірлей берсін, Абай дана!»** тақырыбындағы арнайы кітап көрмесі. Көрмеге бөлімде бар әдебиеттер мен мерзімді басылымдарда жарық көрген деректер қойылды. Көрме үлкен үш төрт бөлімнен құрылған. Бірінші бөлім: **« Ұлы даланың ұлы Абайы»** деп аталады. Аты әлемге танылған данқты данышпанның туған жері, отбасы, қадірлі ата-анасы, жақындары жайлы мәліметті осы жерден алуға болады. Ақынның кіндік қаны тамған киелі Шыңғыстау өңірі, Семей жері туралы жан-жақты ақпарат, аяулы анасы мен әжесі туралы жазылған энциклопедиялық басылымдар да осы жерден орын алды. Бөлімнің дәйексөзі болып мемлекет және қоғам қайраткері, торғайлық **Ахмет Байтұрсынұлының «Қазақтың бас ақыны – Абай Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ»** деген ұлағатты сөздері алынды. Екінші бөлім: **« Мәңгілік өлмес мұра»** бұл жерде ұлы Абайдың өнер жолы мен өнегесі, өзінен кейін қалдырған баға жетпес еңбектері оқырманға жол тартты. Ұлы ойшылдың нақыл сөздері, қара сөздері, шәкірттері мен ізбасарлары, абайтанушылардың жылдар бойы зерттеген, жинаған еңбектері осы жерде топтастырылған. Бөлімнің дәйексөзі, мемлекет қайраткері **Мырзатай Жолдасбековтың мына бір айтқан сөздері: «Шын мәнінде Абай – өзінің атасынан, кемеңгер**

**анасынан дана болып, еліне пана болып жаратылған, өз заманынан озық тұған ғұлама».** Үшінші бөлім **«Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы, ерінбе!»** деп аталады. Бұл жерде ақын, жазушы, философ Абайдың өлеңдері, роман-эпопеясы, ең бастысы, қара сөздері жинақталып, оқырман назарына ұсынылды. Бүгінгі күнге дейін өз өзектілігін, тәрбиелік мәнін, халқымыздың салтын, дәстүрін жоғалтпаған нақыл сөздерді осы сөреден алып, оқи аласыздар. Абай Құнанбайұлы, бас-аяғы 45 қара сөздердің авторы. Төртінші **«Қазақ музыкасының ғұламасы»** деген бөлімде, әйгілі Абайдың композиторлық қыры насихатталған. Музыкалық сауаты болмаса да, Абай әсем әндер шығарып, қазақ ән өнерін жаңа белеске көтерген ұлы сазгер. Оның әндері өзінің жаңашылдылығымен, ерекшелігімен, мелодикасы, ырғағымен осы күнге дейін жетіп, қазақ ән өнерінің інжу-маржанына айналып отыр. Бұл бөлімде Абайдың музыкалық мұрасы – әндері, романс, хор, партитуралары әнсүйер, жалпы көпшілік оқырманға ұсынылып отыр. Бөлімнің дәйексөзі ретінде, музыка қайраткері, **композитор Ахмет Жұбановтың жүрекжарды сөздері алынды: «Ұлы ақын, ағартушы Абай әндері қазақтың басқа халықтық ән-күйлері сияқты, ауыздан-ауызға, заманнан-заманға ауыса отырып жетті...».**

Жыл басында қойылған арнайы көрме, жылдың соңына дейін, өнер бөлімінде, оқырмандарға қызмет көрсетеді. Көрмені тамашалауға шақырамыз!

